

**Ақсу негізгі орта мектебінің кәмелетке толмағандар арасында рухани адамгершілік тәрбиесін іске асыру бағытында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу және оған жол бермеу жөніндегі 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыс есебі
(II жарты жылдық)**

Іс-шараның атауы: «Дін — тәрбие діңгегі»

Мақсаты:

Оқушылар мен жастардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, діни сауаттылықты арттыру, ұлттық дәстүр мен дін сабақтастығын насихаттау. Сонымен қатар, экстремизм мен теріс діни ағымдардың алдын алу, жастардың сана-сезімін, ұлттық рухын нығайту.

Іс-шараның мазмұны:

Іс-шара барысында дін мен тәрбиенің өзара байланысы жөнінде баяндамалар оқылып, бейнебаян көрсетіліп, сұрақ-жауап форматында пікір алмасу ұйымдастырылады. Қатысушыларға қазақ халқының діни-рухани мұрасы мен дәстүрлі Ислам құндылықтары таныстырылады. Шараға мешіт имамдары, дінтанушы мамандар, ұстаздар мен оқушылар қатысады.

Күтілетін нәтиже:

Қатысушылар діни білімін кеңейтіп, тәрбиенің діни негіздері туралы түсінік алады. Жастардың бойында толеранттылық, адамгершілік, Отанға деген сүйіспеншілік секілді рухани қасиеттер қалыптасады. Өткізген ДТІЖО Р.Н. Айтекенова



Іс-шараның атауы:

«Діни экстремизм мен терроризм — әлемге төнген қауіп»

Мақсаты:

Оқушыларға діни экстремизм мен терроризм ұғымдарының мәнін түсіндіру, олардың қоғам мен адамзатқа төндіріп отырған қауіп-қатері туралы ақпарат беру. Жастарды теріс діни ағымдардан сақтау, сыни ойлау қабілеттерін қалыптастыру және бейбіт өмірдің құндылығын насихаттау.

Іс-шараның мазмұны:

Іс-шара барысында діни экстремизм мен терроризмнің белгілері, себептері және зардаптары туралы бейнематериал көрсетіледі, түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Қатысушылармен сұрақ-жауап, пікірталас, топтық тапсырмалар өткізіледі. Арнайы мамандар (дінтанушы, мектеп психологы, тәртіп сақшысы) шақырылып, нақты мысалдар арқылы түсініктеме беріледі.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар діни экстремизм мен терроризмнің қоғамға әкелетін зиянын ұғынады. Теріс діни ағымдардың ықпалынан сақтану жолдарын біледі, бейбіт өмір мен татулықтың маңызын түсінеді. Өткізген Р.Н. Айтекенова



Іс-шараның атауы:

«Діни экстремизмнің алдын алу» тақырыбындағы түсіндіру жұмысы

Мақсаты:

Жасөспірімдердің діни экстремизм туралы түсінігін қалыптастыру, теріс діни ағымдардың

белгілері мен зиянын ұғындыру, олардың ықпалынан сақтану жолдарын көрсету. Оқушылардың діни сауаттылығын арттыру және бейбітшілік, төзімділік, адамгершілік секілді рухани құндылықтарды дәріптеу.

Іс-шараның мазмұны:

Түсіндіру жұмысы барысында оқушыларға экстремизм ұғымы, оның түрлері, себептері мен салдары жайлы ақпарат беріледі. Бейнематериалдар, нақты мысалдар, ашық әңгіме, сұрақ-жауап, шағын топпен талқылау түрінде ұйымдастырылады, ақпараттық-танымдық дәрістер өткізіледі.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар экстремизмнің қоғамға әкелетін зардабын түсінеді, шынайы дін мен жалған ағымның айырмашылығын ажырата алады. Теріс ықпалдардан қорғана білу дағдыларын меңгереді және бейбіт өмірді бағалауға үйренеді. Өткізген: сынып жетекшісі

Н.М. Досмағамбетова



Іс-шараның атауы:

«Жарылғыш құрылғының белгілері» тақырыбындағы түсіндіру жұмысы

Мақсаты:

Оқушыларға жарылғыш заттар мен күдікті заттардың белгілері туралы түсінік беру, оларды анықтау жолдарын үйрету, қауіпті жағдайда дұрыс әрекет ету дағдыларын қалыптастыру. Қауіпсіздік мәдениетін тәрбиелеу және төтенше жағдайлардың алдын алу.

Іс-шараның мазмұны:

Түсіндіру жұмысы барысында оқушыларға жарылғыш құрылғы болуы мүмкін заттардың сыртқы белгілері (сымдар, белгісіз дыбыс, иіс, әдеттен тыс қаптама, иесіз сөмке немесе қорап және т.б.) көрсетілді. Бейнематериал көрсетіліп, сұрақ-жауап және практикалық жағдайлар талқыланды.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар күдікті заттарды ажырата алуды, қауіпті жағдайда өз-өзін және айналадағы адамдарды қалай қорғау керектігін үйренеді. Төтенше жағдайларда сабырлы әрекет ету, жауапты тұлғаларға хабарлау дағдылары қалыптасады. Өткізген: сынып жетекшілер және УПИ А.С. Сисенгалиев



Мектеп директоры ма. **А.Б. Иббусинова**

